

БАТЫС КАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«БӨКЕЙ ОРДАСЫ КОЛЛЕДЖІ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРЫНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОМУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«БОКЕЙОРДИНСКИЙ КОЛЛЕДЖ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Бұйрық
11 қыркүйек 2023 жыл.
№141
Сайқын ауылы

Жұмыс тобын құру туралы

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңның 8-бабы, 5-тармағына, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жерқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

«Бөкей ордасы колледжі» МКҚК бойынша Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ішкі талдау жүргізу үшін төменде аталған құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Жұмыс тобы төрағасы:

К.К.Гайсин – Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджері

Жұмыс тобы мүшелері:

А.Ж.Тналиева – директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

С.Н.Алтаяков – директордың өндірістік оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

Г.С.Хасенова – бас есепші

Б.И.Мусағалиева – кадр бөлімінің инспекторы

Хатшысы:

А.А.Халиуллина – директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының м.у.а

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі:

01.09.2022ж – 31.08.2023ж

Талданатын қызметті аяқтау кезеңі:

2023 жылдың 10 қазанына дейін.

«Бөкей ордасы колледжі» МКҚК директоры:  **Б.С.Лукпанов**

**«Бөкей ордасы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша
АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕП**

«Бөкей ордасы колледжі» МКҚК құрамында жұмыс тобы: топ жетекшісі комплаенс офицер Гайсин Кайрат Каримоллаевич, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Тналиева Алтын Жумарстановна, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары м.а. Халиуллина Асемгуль Алиевна, директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары Алтаяков Сайран Нурлыбаевич, бас есепші Хасенова Гюльнара Сунгатовна, кадр бөлімінің маманы Мусағалиева Ботакоз Исағалиевна «Бөкей ордасы колледжі» МКҚК (бұдан әрі – Колледж) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 2022 жылғы 1 қыркүйектен 2023 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі кезеңге ішкі талдау жүргізді.

Ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2021 жылғы 7 сәуірдегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға және Колледж директорының 2023 жылғы 11 қазандағы №141 бұйрығы негізінде сәйкес жүргізілді.

**I. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫМДАРДЫҢ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ
АКТІЛЕРДІҢ СЫБАЙЛАСТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ**

1. Колледж құрылымы:
 - 1) әкімшіліктен;
 - 2) кадрлық жұмыс және іс жүргізу;
 - 3) қаржылық бөлігі (бухгалтерлік есеп, мемлекеттік сатып алу);
 - 4) білім беру бөлігі.
2. Колледж қызметін талдау барысында нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық актілер арасында қайшылықтар жоқ.

II. ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Талдау кезінде колледж қызметкерлерінің нақты саны 52 адамды құрайды. Бүгінгі күні 2 бос жұмыс орны бар.

Талданған кезеңде келесі қызметкерлер жұмысқа қабылданды:

2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін 14 (с.і. от жағу мерзіміне жылыту жүйесінің операторы - 8), 2023 жылдың 1 қаңтары мен 1 қыркүйек аралығында 2 қызметкер.

Колледжде келесі адамдар жұмыстан босатылды:

2022 жылғы 1 қыркүйек 31 желтоқсанға дейін 3 қызметкер Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 49-баптың 5-тармағына сәйкес өз еркімен; 2023 жылдың 1 қаңтары мен 1 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 49-баптың 2-тармағына сәйкес 13 қызметкер (с.і. от жағу мерзіміне жылыту жүйесінің операторы - 8) жұмыстан босатылды.

Осылайша, 2022 жылғы 1 қыркүйек пен 2023 жылғы 1 қыркүйек аралығындағы кезеңдегі айналым көрсеткіші 30,5% (16 адам) құрайды.

Айналым бойынша «командалық қозғалыстар» анықталмады.

Инженерлік, педагогикалық және әкімшілік қызметкерлерге қатысты лауазымдарға тараптардың келісімі бойынша еңбек шартын бұзудың негізгі себебі олардың өз қалауы болып табылады. Ағымдағы кезеңде кадрлық шешімдерді қабылдау бойынша шағымдар және кадрлық мәселелер бойынша шағымдар түскен жоқ.

Колледж мен Жұмыспен қамту орталығы жұмыссыздықты азайту үшін «Электрондық еңбек биржасы» бағдарламасы бойынша бірлесіп жұмыс жасауда.

Колледж қызметінің осы саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысы

Колледж қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында қайшы мүдделер жоқ.

Колледж қызметінің осы саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету

ТжКБ ұйымдары 8 мемлекеттік қызмет көрсетеді:

- 1) ТжКБ ұйымдарына (бұдан әрі - колледж) құжаттар қабылдау - 45
- 2) білім алушыларды ұйымға ауыстыру және қайта қабылдау – 5.
- 3) білім алушыларға академиялық демалыстар беру - 1.
- 4) ТжКБ туралы құжаттардың телнұсқаларын беру-0

5) ТжКБ аяқтамаған адамдарға анықтама беру – 18.

6) Тегін тамақтандыруды ұсыну - 119

7) Біліктілікті өту және беру үшін құжаттарды қабылдау педагог қызметкерлерге және оларға теңестірілген тұлғаларға қолданылмайды.

8) Білім алушыларға жатақхана беру - 17

2022-2023 оқу жылы қорытындысымен 51 студентке жалпы диплом, ал 1 студентке үздік диплом табысталды.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мерзімдерді бұзу, көрсетуден бас тарту немесе көрсетілетін қызметті алушылардан шағымдар түскен жоқ. Мемлекеттік қызметтерді көрсетуге жеке тұлғалардың өтініштерін талдау мынаны көрсетті:

- Стандартта қарастырылмаған құжаттарға сұраныс жоқ.

- Мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту фактілері жоқ.

- Құжаттарды қарау кезеңдерінің көптігі мен қайталануы белгіленбеген.

Колледж қызметінің осы саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

4. Кәсіпорынға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері

Колледжде азаматтардың өтініштері бойынша жұмыс Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Әкімшілік іс жүргізу кодексіне (бұдан әрі – ӘІЖК) сәйкес жүзеге асырылады.

2023 жылдың есепті мерзімде 28 өтініш түсіп, өтініш берушілерге уақытылы жауаптар берілді.

Колледж басшылығы азаматтарды жеке қабылдаудың арнайы сағаттары мен күндерін белгіледі, қабылдау кестесі көпшілікке қолжетімді жерде орналастырылған.

Колледж қызметінің осы саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы шаралар.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру мақсатында Бөкей ордасы колледжінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша студенттер арасында "Sanaly Urpaq" клубы құрылып, жоспары әзірленді.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру-бұл колледж ұжымының барлық мүшелерінің кез келген теріс пиғылды практикаға қарсы іс-қимыл қажеттігіне сенімін нығайту жөніндегі қызмет.

Колледж қызметі ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады:

1. Әдеп, Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия, "Саналы ұрпақ" студенттік клубын құру.

2. Бөкей ордасы колледжінің ішкі тәртіп ережелерін бекіту.

3. Жоспарды бекіту. Бағалы сыйлықтар алуға және беруге қатысты шектеулерді сақтау мәселелері бойынша колледж қызметкерлерімен, студенттермен ұйымдастырушылық, түсіндіру және өзге де шаралар кешенін жүзеге асыру.

3. Әдеп, Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жөніндегі Комиссия, "Саналы ұрпақ" студенттік клубы жоспар бойынша дәрістерде және сынып сағаттарында пара беру, алу үшін жауапкершілікті қарастыратын заңнамамен таныстырды.

4. Студенттерді, Жастар ісі жөніндегі комитетті, қамқоршылық кеңес сыбайлас жемқорлық бұзушылықтары бойынша хабарлама жіберу тәсілдері туралы хабардар етті ("Сенім телефондары»)

5. Жүйелі түрде, жоспарға сай тәрбие сағаттары, "Парасаттылық сағаты"дәрістері өткізіледі. Олар туралы материалдар колледждің сайтында және Instagram-да орналастырылған.

6. 2022 жылдың желтоқсан айында қысқы сессия басталмас бұрын "Саналы ұрпақ" студенттік клубының өкілдерімен жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша бейнероликтерді талқылау және қарау арқылы "Таза сессия" акциясы өткізілді.

7. 2023 жылғы 11 сәуірде студенттер арасында сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 72 студент қатысты. "Сіз сыбайлас жемқорлық фактілерімен кездестіңіз бе?" деген сұраққа барлық 72 студент теріс жауап берді, студенттерге сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері орын алған жағдайда жүгінуге болатын органдардың мекен жайлары мен телефондары берілді.

8. Колледж холлында ақпарат тақтасында сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері орын алған жағдайда жүгінуге болатын органдардың мекен жайлары мен телефондары көрсетілген.

6. Мемлекеттік сатып алу

Бюджет қаражатының жұмсалуды туралы ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы No 434-V Заңына сәйкес Тауарларды, жұмыстарды мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бекітілсін. және 2023 жылға арналған қызметтері бекітілді, ол электрондық веб-порталда жарияланды.

Осыған байланысты барлық мемлекеттік сатып алулар бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда. Мемлекеттік сатып алудың

барлық әдістері, сондай-ақ конкурстық және аукциондық құжаттама, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырулар, қатысуға өтінімдерді ашу, мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамалар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу веб-порталында жүзеге асырылады.

Колледждің 2023 жылға бекітілген мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес 105 сатып алу жүргізілді, оның ішінде:

- сәтсіз сатып алулар бойынша бір көзден – 21;
- баға ұсыныстарын сұрату – 66;
- тікелей бір көзден – 8;
- студенттерді тамақтандыруға байланысты тауарларды сатып алуға арналған конкурс – 10.

Барлық келісім-шарттарға қол қойылды, қысқа мерзімді шарттар орындалды, ұзақ мерзімді шарттар (тауарлар, қызметтер, жұмыстар) 2023 жылдың соңына дейін аяқталады.

Жабдықтаушылар тарапынан шарттық міндеттемелерді бұзу фактілері болған жоқ. Орындалған шарттар бойынша төлем қатаң түрде шарттың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады, яғни. 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей қызметтерді жеткізу/тауарларды жеткізу кезінде.

Барлық шарттар заңмен белгіленген мерзімде жасалды. Шарттардың талаптарын Жеткізуші қатаң түрде және белгіленген мерзімде орындайды. Жабдықтаушылар тарапынан ешқандай бұзушылықтар болған жоқ, сонымен қатар тұтынушылар көрсетілген қызметтер үшін төлемді келісім-шарт талаптарына сәйкес қатаң түрде жүргізеді.

Колледж қызметінің осы саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

7. Оқу-өндірістік жұмысы туралы мәлімет.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сай БҚО «Бөкейордасы колледжі» МКҚК 01.09.2022ж. бастап білім беру қызметін зерделеу жүргізілді.

2022-2023 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдарына сай Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының құзыретіне заңнамалық деңгейде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 мамырдағы № 118-VII ҚРЗ Заңына сәйкес академиялық дербестік бекітілді. Заңның 43-бабының 2-

5-тармағына сәйкес ТжКОБ ұйымдары білім беру бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді. Сол себепті, «Бөкейордасы колледжі» МКҚК жұмыс берушілермен бірлесіп, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының, кәсіптік стандарттардың, WorldSkills кәсіптік стандарттардың талаптары негізінде білім беру бағдарламаларын әзірледі.

2022-2023 оқу жылында жалпы педагог саны 28. Онын ішінде – 25 штатта, 3 педагог – қосалқы. Педагогикалық жүктемелері 1080 сағаттан асқан жоқ.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының негізінде 2022—2023 оқу жылында білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі аптасына 54 сағаттан аспады.

2022-2023 оқу жылында аралық және қорытынды аттестаттау Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығын (01.09.2022 Жаңартылған) басшылыққа алып жүргізілді.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығына сай 2022-2023 оқу жылында колледжде педагогикалық қызметкерлерді аттестаттаудан өтті. Аттестация қорытындысы бойынша: 1 оқытушы – педагог-зерттеуші, 1 оқытушы педагог – сарапшы, 6 оқытушы – педагог-модератор біліктілік санаты берілді. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына 1-қосымшасындағы "Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сай орындалды.

2023-2024 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік ұсынымдарына сай басталды. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысты 2023-2024 оқу жылында оқытуды

сараптамадан өткен және 2022 жылғы білім беру бағдарламаларының тізілімінде орналастырылған білім беру бағдарламалары бойынша басталды, яғни МЖМБС (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2022 жылғы 23 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулары негізінде).

8. Қорытынды

Талданып отырған кезеңде қызметкерлердің қызметтік, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ.

Топ жетекшісі, комплаенс-офицер _____ К.К.Гайсин
Директордың ОЖЖ орынбасары _____ А.Ж.Тналиева
Директордың ТЖЖ орынбасары м.а. _____ А.А.Халиуллина
Директордың ОӨЖЖ орынбасары _____ С.Н.Алтаяков
Бас есепші _____ Г.С.Хасенова
Кадр бөлімінің маманы _____ Б.И.Мусагалиева

Келісілді

Бөкей ордасы колледжінің директоры _____ Б.С.Лукпанов

